

Анама

Анашым!

Сіздің түнде тұрып әрбір емізгеніңіздің,
Бар тәттіні жегізгеніңіздің,

Үлгі-өнеге беріп, аялап өсіргеніңіздің,
Қателігімді кешіргеніңіздің,

Жетістігіме қуанғаныңыздың,
Ертеңімнен үміт күтіп, жұбанғаныңыздың,

Орындалмаған арманыңыздың,
Бесікке төніп, ұйқысыз атқан таңдарыңыздың,

Сәтсіздіктеріме күрсінгеніңіздің,
Бейуақтағы жүрек дүрсілдеріңіздің,

Жолымды тосып сағынғаныңыздың,
Тағдырға айтылмаған шағымдарыңыздың,

Самайдағы аппақ шаштарыңыздың,
Маңдай мен беттегі қатпарыңыздың,

Балапандарыңызға арнаған өміріңіздің,
Кіршіксіз ар мен көңіліңіздің,

Әкемізге деген құрметіңіздің,
Мүлтіксіз атқарған міндетіңіздің,

Біздерге төккен мейіріңіздің,
Дариядай мол пейіліңіздің,

Елге сыйлы парасатыңыздың,
Тәубешіл, шексіз қанағатыңыздың,

Ешқашан өсек айтпағаныңыздың,
Өмір сынағынан қайтпағаныңыздың,

Ешкімді сырттан тілдемегеніңіздің,
Ешкімнің бағын күндемегеніңіздің,

Мейірім толы жүрегіңіздің,
Ақ қардай таза тілегіңіздің-
Өтеуін қалай өтермін?!

Тоғжан Кенжеева 08.03.2018 ж

Жырларым - өз өмірім

Не жазсам да шын жүрегімнен жазамын,
Біреуге ұнамай қала ма деп қорықпаймын!
Менің жырларым-менің жанымның айнасы,
Көрінуі хақ, қуанышым һәм боп қайғым.

Не жазсам да өз өмірімнен жазамын,
Ұнаса да, ұнамаса да, ол-өз тағдырым!
Бұралаңы көп дүниеде жете алмаған
Өлеңім менің- армандарым мен ар-мұңым!

Не жазсам да ақ көңілімнен жазамын,
Көңілім кірсіз, сезімім аппақ парақтан.
Түндерде қалам өлеңдеріммен оңаша
Нәсібін берер қуанам таңға әр атқан!

Тілеулес, мені жырларым үшін сөкпеңіз,
Орынды бәлкім, маған айтылған өкпеңіз?..
Өлең деген-асуы биік құзар шың,
Өлең деген-дауылы қатты көк теңіз,
Сондықтан мені сөкпеңіз!

Тоғжан Кенжеева

11.02.2018 ж.

Ұлы Абайға 175 жыл

Кемеңгер, дана, ұлы еді,
Асқақ ойшыл, дүр еді.
Сара жолды көрсеткен
Аталы сөздің пірі еді.

Текіден туған асыл ер,
Сарқылмас ақыл кені еді.
Нұрын шашқан баршаға
Алаштың алтын күні еді.

Жұмыртқа салған торғайды
Пана боп Алла қорғайды.
Абайдың қарасөзінен
Ғибратын халқым алғай-ды.

Сөз маржанын ұқпаса,
Бірлігі елдің болмайды.
Абай да мұны айтқан-ды:
«Қолдаса қазақ бір-бірін,
Алаштың шамы маздайды.

Өрелі болса әр қазақ,
Өзегі оның талмайды.
Білімге бірлік үйлессе,
Бақ келіп өзі орнайды.

Болашақ туын бұлғайды,
Арманы елдің орнайды»
Абайдан қалған асыл сөз
Осылай шерді толғайды.

Оқысаң, оқы Абайды,
Ой-санаң өрге самғайды.
Мұрасын Айдай әлемге
Паш етсек, арман болмайды.

Тоғжан Кенжеева

Өзім туралы

Кез келгенге жалпылдап,
Жағына да алмаймын!
Құлдық ұрып, әркімге
Бағына да алмаймын!

Шын сүймеген кісіні
Сағына да алмаймын!
Маған қымбат болмаса
Табына да алмаймын!

Тәкаппарлық емес бұл,
Гүлден нәзік жүрегім.
Жараланып бір демде,
Қуансам шын күлемін.

Жаны жұмсақ жандарды
Жақын тартып жүремін.
Көңілімнің төрінен
Досқа орын беремін.

Көңлім сүйген кісіні
Ханнан артық көремін.
Өзім сүйген кісіні
Жаннан артық көремін.

Ренжісем, шын жылап,
Жүректен жас төгемін.
Бір ұмтылып, бір құлап,
Өмір сүріп келемін!

Тоғжан Кенжеева

Бәрі өткінші екен мына өмірде

Сақтаған сырды сандығын жанның ақтардым,
Саралай қарап, түгендеп көрдім жоқ-барды.
Санама сіңіп, сары тап болған сағыныш
Сары жапырақтай астында қалды ақ қардың.

Жаураған жаннан үзіліп шыққан ыстық жас
Жанардан тамбай, алқымда тұрды кептеліп.
Қысымға алған қыс-тіршіліктің қолында
Аппақ арманым ақ қармен бірге кетті еріп.

Жеңіліп кейде, жеңіп те, кейде тең түсіп,
Жүріппін мәз боп қиялмен оны тек құшып.
Желбіреген жібек желегіндей арудың
Үлпілдек үміт үп еткен желмен кетті ұшып.

Жалғанда қанша болсаң да ерке, бұла тым
Тағдыр жоқ сені маңдайдан сипап, ұғатын.
Тірліктің әні тоқтаған күні тынатын
Өзіммен қалсын мызғымас мақсат-мұратым!

Тоғжан Кенжеева

29.01.2018

Түн

Түн-ақындардың еншісі!
Шабытпен бетпе-бет қалатын,
Күндізгі ұмытып күйбеңді,
Өлеңнен рахатын табатын.
Пеңде кейпінен шығып,
Періште бейне табатын,
Өлеңде табысып бақытпен,
Өлеңі құшаққа алатын.

Түн-ғашықтардың еншісі!
Шалғайда жүрсе асығы
Сағыныш өртіне жанатын.
Көк дөнен көңілдің пырағын
Мініп ап жанына баратын.
Қасында болса ше ғашығы
Бағына балаған асылы
Үздігіп, бір ысып, бір суып,
Тояттап, құмары қанатын.

Түн-тыныштықтың еншісі!
Жер бетін түгел қымтап,
Қараңғылықпен жабатын.
Жер-Ана үнсіз тыныстап,
Аспанға қанат қағатын.
Балалар алаңсыз ұйықтап,
Қарттар көз шырымын алатын.
Аналар бесігін тербетіп,
Сәбидің жай-күйін бағатын.

Түн-бақыттылардың еншісі,
Бақытсыз, жалғыз жандарға
Таң да атпай азапқа салатын.
Бақытты жандар күліп ұйықтап,
Ертеңге үмітін артатын.
Күнәһар жан тыныштық таппай,
Арының азабын тартатын.
Сағатын күткен ауру жанын да
Әзірейіл келіп алатын.

Түн-барша қатыгездіктің қорғаны!
Небір қылмыс, ұрлық-қарлық
Бәрі де түнде орын алады.
Түн соның бәріне куә болса да,
Ешкімге ләм деп сыр шашпай
Қараңғылық құшағына алып тұрады.
Түн- осылардың бәріне ортақ,
Бақтың да сордың тұрағы.
Түн-сонда да керемет мезгіл,
Аңсарым ауып тұрады!

Тоғжан 09.02.2018

Досыма

Аманаттап ап
Ақ тілектерін
Келеді көктем жақындап.
Ақпанның соңғы
Сары шүмектерін
Ерітер лебі тақымдап.

Кезіккен кейбір
Келеңсіздікті
Көңілсіз, сүрең күз дейік!
Қыс-өмір қанша
Қысып жатса да,
Көктемнен күдер үзбейік!

Мықты едің ғой,
Мойыма, құрбым,
Қыр гүлін бірге терейік.
Ұзынсарыдан
Үзілмей өтіп,
Жаз қызығын да көрейік!

Қуанған әрбір
Күндерімізді
Бақытқа ғана теңейік.
Келеді өсіп
Көк шыбығымыз
Қызығын бірге көрейік!

Бұдан да қиын
Күндерді талай
Өткізіп ең ғой басыңнан.
Мұңая берме,
Көрінді көктем
Қырқаның сонау астынан!

Тоғжан Кенжеева

18.02.2018 жыл.

Бір досыма

Досым менің,
Қайда жүрсің?
Өзіңді әбден сағындым!
Асау тайдай бұлқындым да,
Тағдырыма бағындым.
Жанға серік өзің едің,
Сенсіз тыныс тарылды,
Сыршыл Сырдың жағасында
Суын кешіп сабылдым.

Досым менің,
Қайдасың сен?
Өзіңді әбден сағындым!
Жалғыздыққа қиялым құл,
Болып алды жаным күң.
Екеуара сыр шертіскен
Сол күндерді аңсаумен
Қызыл кеште Қызылқұмның
Шағылына шағындым.

Шыныңды айтшы,
Сен де мені
Сағынбай-ақ жүрсің бе?
Іздеп неге бір келмедің,
Аңсай түссін дейсің бе?
Құлақ салам кеудемдегі
Доссыз, жалаң дүрсілге,
Сенсіз, сенің қолдауыңсыз
Қалғандаймын құр сүлде!

Досым менің!
Келші ертерек,
Көңіліме нұр ұйыт көп!
Домбыраңмен әнге салып,
Кеудеме жыр құйып кет!
Солай доссыз бұл өмірдің
Мәні жоғын ұғындыр.
Сеніміңнен қуат алып,
Серпілейін бүгін бір!

Тоғжан Кенжеева
2001 жыл. Шардара. Архивтен

Әбдібек Аралбайұлына

Жырға қосқан тарих, қоғам, шындықты,
Әр дәуірдің ақыны мен шайыры.
Шыққан абыз, дана, батыр, кіл мықты
Түлкібасты кім білмейді, тәйірі?

Ақын атам, оңтүстіктің тумасы,
Мархабаттай марқасқаның құрдасы.
Перзенттерін тұра ма екен шақырып,
Пістелінің киікоты, жуасы?

Жауһар жырды төгіп ғазиз жүректен,
Ғұмырында пәк сезімді ту еткен.
Қанат беріп, талай сұңқар ұшырған
Туған жердің ғажайыбын жыр еткен.

Өнеге қып, «Насихатын» жаттаймыз,
Сыр-сұхбатын есімізде сақтаймыз.
Әр сөзі алтын Әбдібектей атаны
Жердің бетін жеті айналсақ таппаймыз.

Тоғжан Абдуллақызы

20.05.2021

Қайрат ағаға

Арқау болған аңыздарға, ертегі
Туған өлке көнеден сыр шертеді.
Шежіресін тамыр алған тереңнен
Ұрпағың сан ұлықтайды ертеңгі.

Ер Түрікке мекен болған Оңтүстік,
Қарт Қаратау-тарихымның куәсі.
Фараби мен Йассауидей бабам да
Өз перзентің, ешкімнің жоқ шүбәсі.

Даналарың даңқынды сан асырды,
Құпияңды топырағың жасырды.
Ерлігіне куә болған маң далам,
Артқа тастап келеді сан ғасырды.

Әулиелі көне қалам-Сайрамда
Тілеулес боп жатыр сансыз бабтарым.
Қазығұртым-«Қазық жұртым» киелі-
Тіршіліктің бастауысың, мақтаным!

Хан Тәңірім, Түркібасым, Мыңбұлақ-
Биігімсің, тұнығымсың, иманым.
Туған жердің даңқын көкке өрлеткен
Талай перзент сен-дағы елге сыйладың.

Тұрар атам, Бауыржаным, Шерханым,
Мекемтас пен Мархабатым-қыраным.
Қайрат ағам-ұлылардың жалғасы,
Тауға қарап өскен таудың ұланы.

Шыңға шықсам-еңбегі деп анамның,
Дүйім жұртқа «АНА» болды ұраның.
Кітап етіп өнегелі ғұмырын
Таныстырдың «Түркібастың Шынарын».

Ерлігімен аты қалған тарихта
Бәйдібек би, батыр бабам әйгілі,
Бабамыздың даңқын көпке шығарған
Домалақтай анамыздың әдебі.

Даналар да, батырлар да анадан
Туады екен баба жолын жалғаған.
Қайрат аға, шықсаң да сан белеске
Қарапайым болмысыңа таң қалам.

Жол көрсетіп соңыңыздан ергенге
Бағдар болдың талай жерлес, бауырға.
Ел үміті өздеріңдей ерлерде,
Соз қолыңды, қарайлар жүр ауылға.

Түркібасты жырға қоссам шаттанам,
Түрленгені, гүлденгені-бақ маған.
Көзін ашқан «Шынарбастау» бұлақтың
Қайрат аға, өзіңізбен мақтанам.

Әр адамның жүрегінде сақталар
Ана деген-адамзаттың ардағы.
Кенжесіне «адам болған» сүйсініп,
Қолдап жүрсін анаңыздың әруағы!

Тоғжан Абдуллақызы

05.03.2021

БІР ЖҮРЕК

Бір жүрек!
Бір жүректе мекендейді
Жүз жүрек!
Жүз жүрек жүр жете алмай бір жүрекке
Үздігед(і)!

Бір жүрек!
Жазы өтті ме, сезіледі күзгі леп.
Күз жайында ойламайды жүз жүрек,
Ызғарына тоңғандай тек
Бір жүрек!

Бір жүрек!
Бір жүректе мың жүрек!
Мың жүректе мың үміт жүр
Үлбіреп.
Мың жүректің арқалаған сезімін
Бір жүректе мұң жүред(і)!

Бір жүрек!
Мың жүрекке муза болған
Бір жүрек!
Бір жүрекке жеткізе алмай сезімін
Бінтығады және тағы бір жүрек!
Бір жүрекке неге құмар мың жүрек?!
Жынды жүрек, мұңды жүрек,
Бір жүрек!

Бір жүрек!
Бір жүректе жүргенімен мың жүрек
Жанында жүр бәйек болып бір жүрек!
Ал, Бір жүрек
Аңсауменен мың жүректі
Жүр жүдеп!

Бір жүрек!
Бір жүрекке тым ауыр жүк мың жүрек!
Қанша батыр, қанша мықты болса да
Бір жүрек те жүнжімек!
Мың жүрек-ау, аяла Бір жүректі!
Мұң-шеріңнен түңілмесін Бір жүрек!
Орта жолда үзілмесін
Бір жүрек!

Тоғжан Кенжеева
10. 04.2018 ж.

Көңілдің күйі бір сәттік

Көз ілмей кейде түнімен,
Күлкі болмай жүр күлкім де,
Бой алдырғаным ба, шынымен,
Пенделік деген шіркінге!?

Түсіне алмай жүргенім
Кеудемде күншіл күңкілге.
Тап-таза жаным кірленіп,
Тат басуы да мүмкін бе?

Жанарын жанның шел қаптап,
Жалынсыз етті бір түнде.
Сұмпайы, сұрқай тірлікке
Санам да көнер біртіндеп?

Көңілдің үнін шертетін
Күйсандығымнан күй кетті.
Жексұрын өмір ерте тым
Жағымпаздыққа үйретті.

Сарсаңға салып бұл тағдыр,
Сансыз оғымен түйрепті.
Сезімтал, нәзік жанымды
Сайқалдығымен күйретті!

Көңлі үшін кейде жақынның,
Кеудемді оққа төсеппін.
Тіліне көнбей ақылдың
Таяғын таттым өсектің.

Еңсе көтертпес ойларды
Санамнан қалай қуармын?
Естеуге тұрмас жайлардың
Күнәсін қалай жуармын?

Жанымды кірден аршып ап,
Жарқыра қайта, өмірім!
Шаң басқан ойды қамшылап,
Шабыт бер маған, көңілім!

Тоғжан Кенжеева
29.03.2018

Ақ шағалам

Кездесіп едік көктем күнінде,
Керімсал болып тербетіп едің.
Күлімдеп тұрып, келемін деп ең,
Келмедің неге, келбеттім менің!?

Жаймашуағы желпіген жанды
Жайдары жаздай жаным сен едің.
Жанары талып, жолыма қарап
Жабығып күтіп жүр-ау демедің.

Сағыныш тербеп, сызат тереңдеп,
Сен жаққа жүрмін әлі де елеңдеп.
Сарғайған күзде сарылып күттім,
Сен келмей қалдың, тағы келем деп.

Ақ қырау түсті, күн де суытты,
Ақ қыс орнады, аспан бұлтты.
Аппақ қар жауды, оралмадың сен,
Ақ шағалам-ау, қалайша ұмыттың?

Тоғжан Абдуллақызы

02.12.2018

Сен жоқсың...

Алыстап бара жатсың,
Мүмкін, сол дұрыс шығар.
Өзі ең ғаламаттың,
Сағыныш- жыр-ұшқындар.

Сары ала күз күні де
Қылықсыз қыздай суық.
Егіліп тоңған гүлмен
Үзілмей сыздайды үміт.

Саябақ, қала, көше-
Бәрі де сол қалпында.
Сырласқан біздер кеше
Орындық тұр жауында.

Сабалай соққан желден
Қайысты қолшатырым.
Сіз болып жапырақтар
Қол бұлғап қалды ақырын.

Ақ жауын, төк нұрыңды
Шайылсын барлық мұңым.
Жүректен обал болды,
Алсыншы ол да тыным!

Тоғжан Кенжеева

18.10.2018 жыл

*** **

Жазбаймын сізге өлең де енді,
Жазбаймын хат та хал сұрап.
Жауапсыз әрбір хаттардан қалды
Жазықсыз жүрек қалжырап.

Сынып көңілім ауыр салмақтан
Сұмдық ой орап жан-жақтан.
Салқын тартқан сезіміңіздей
Суық жел соқты Шақпақтан.

Жүдеді жүрек, бермедім тыным,
Жәбірлейтіндей не етіп ем?
Қалғаны менде өлшеусіз бір мұң,
Қайта ораламын деп кетіп ең...

Жұмақтай жаз ед, күз келді күрең,
Тауға алғашқы қар түсті.
Жаңбырлы күндер, сүреңсіз кілең,
Сезім мен төзім шарпысты.

Көңілсіз, жырсыз өтуде күндер,
Күтумен сізден бір сәлем.
Шыдамым бітті, жазбаймын енді
Төңкерілсе де бар әлем!

Тоғжан Абдуллақызы
14.10.2018

Ақ....

Ақ сағыныш, ақ мұнар,
Ақ қолмен тербеп оятты.
Ақ нұрға ынтық ақ жаным
Ақ таңнан тапты тоятты.

Ақ махаббат, ақ сезім
Ақ көңілімді толқытты.
Ақ жауын жуып жүректі
Ақ бұлттай көкте қалқытты.

Ақ бесігінде уілдеп
Ақ сүтке тойған сәбидей
Ақ мейірімге бөленіп,
Ақ күйде өтсек пәниден.

Ақ жаулығынан ананың,
Ақ батасынан атаның,
Ақ тілегінен баланың,
Ақ қуат жанға аламын.

Ақ қарға жазып атыңды,
Ақ мұңға талай батып ем.
Ақ қағаздағы хатыңды
Ақ жастық етіп жатым ем.

Ақ нұрға жанды бөледің,
Ақ арың - менің керегім.
Ақ арман болған сағыныш,
Ақ сырдай сақтап келемін.

Тоғжан Абдуллақызы
20.08.2018

*** **

Хабар да жоқ, хаттар да жоқ жолдаған,
Жолықпаймыз бұрынғыдай құмартып.
Енді сені бастамайды жол маған,
Тау да сені шақырмайды мұнартып.

Сезбессің де жанарымда сыз барын
Көрсетпесін тағдыр саған ызғарын.
Күре жолдан өткенде еске аларсың
Тауда таудай бір тәкаппар қыз барын.

Қоштассам да үнсіз ғана өзіңмен
Жасырмаймын жүрек сыздап тұрғанын.
Қайда жүрсең, есіңе алып жүргейсің
Тау қызының мұңлы әні мен жырларын.

Тоғжан Абдуллақызы

16.12.2021

*** **

Сен шынымен "жоғалғаның" ба?...
Бақытым менің бола алмадың ба?...
Қайтушы еді ғой құс та сағынып,
Сағынышым-ау, оралмадың ба?...

Тек маған ғана ақтарылушы ең,
Жанымның мұңсыз шақтары шын ең.
Аңыртып қойып қалай жүрсің сен,
Мені азаптаудан бақ табушы ма ең?...

Шілденің қысқа таңы тағы атты,
Алтын сәулесін Күн де таратты.
Өкпелеп жүруге Өмір тым қысқа,
Кім тоқтата алар Уақыт-сағатты!?

Тоғжан Абдуллақызы
Шымқала#03.07.2018

*** *** ***

Ұқпадым бұл сезімді
Сені селт еткізбейтін,
Жүрмін-ау сағым қуып
Жеткізбейтін.

Дүние жалған ба еді,
Табысып, тасып бағы,
Бақыты жанған ба еді
Ғашықтардың?

Арайлап таңдай жүзің,
Сиқыр боп арбаймысың,
Көңілді аулаймысың,
Алдап аз күн?

Ұғарсың тілегімді,
Өзіңді қия алмадым,
Келер деп жиі алдадым
Жүрегімді.

Самалмен сәлемімді
Ерте-кеш жеткізсем де,
Елеңдеп көп күтсем де,
Ақыры, көзім жетті
Келмесіңе!

Күдерім үзе алмадым,
Өзімді жүз алдадым,
Сәулем-ау, өзім кепіл,
Жүректе бір үміттің
Сөнбесіне!

Тоғжан Абдуллақызы
05.05.2018

Менің де Сағынышым бар...

Сағынышым бар менің де, мекені бірақ тым алыс.

Сағынсам оны кеудемді кернер бұла күш.

Ақ сезімімді ақ қарға жазсам, ұшырып

Аяулыма жеткізер ме екен мына қыс?!

Сағынышым бар, есіме күнде алатын.

Аңсаудан кейде таусылад(ы) сабыр, тағатым.

Ақ боран бір сәт қайрылар ма екен маған да,

Сағынышыма қар болып ұшып баратын.

Сағынам оны, есімнен бір сәт шығармай,

Жанымда болса, осы қылығым ұнардай.

Жолданбайтын хаттар жазамын отырып,

Сағынышым, сақтаушы мені тұмардай.

Сағынам оны, сағына берем қашан да,

Сағым-сезімді жоғалтар күнім болмасын!

Сағыныш-қыздар, аман жүріңдер әманда,

Сағыныш-сырым сыртымнан ғана қолдасын!

Сағынышым бар менің де, есімі оның-Сағыныш!

Сағыныш-қыздар, естіген жоқсың жаңылыс.

Сағыныш-сіңлім, сырымды айттым өзіңе,

Сағыныш, мені Сағынышыма алып ұш!

Тоғжан Абдуллақызы

03.12.2017 ж.